

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЕСКЕРТКІШІНЕ САЯХАТ

26.10.2018 жылы А.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінің 3-топ тәрбиеленушілері ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың ескерткішіне барды. Тарихи ескерткіш туралы мәліметпен танысып, білімдерін толықтырып естелік суретке түсіп қайтты.



Әуезов ескерткіші туралы балаларға қысқаша мағлұмат айтылды. Ескерткіш 1980 жылы Алматы қаласындағы Қазақ академиялық драма театры алдына орнатылды (мүсінші Е. Сергебаев, арх. О. Баймырзаев, М. Жақсылықов және А. Қайнарбаев). Мүсіншілерге 1982 жылы Қазақстанның мемлекеттік сыйлығы берілгенінен балалар хабардар болды. Сонымен қатар ескерткіш қоладан құйылып, тұғыры қара сұр граниттен қаланғандығы туралы және биіктігі 6,8 м. жазушы терең ой құшағында бейнеленген, оң қолында кітабы, желбегей жамылған шапаны туралы өз көздерімен көріп қайтты. Ескерткіш театр ғимаратымен әсем үйлесім тапқан.



Тәрбиеші: Абдрахманова.Н.К